

№ 6 Дәріс. Саясат философиясындағы реализм және идеализм

Дәрістің мақсаты: Саясат философиясындағы реализм мен идеализмнің мәні, ролі ерекшелігі ондағы саяси ойдың дамуын, философиялық негізде қарастыруға, бағытталады.

Дәріс жоспары:

1. Саяси реализмнің негізгі зертеу объектісі
2. Саяси идеализмнің басты бастамаларының бірі
3. Саяси реализм мен идеализм негізгі мәні

Қақтығыс қай жерде болса, саясат сонда және саяси әлем түрлі күштер мен мүдделердің қақтығысуының алаңы екендігі жоғарыда дәлелденді. Саясаттың басты міндеті – қақтығыстарды шешудің жолдары мен құралдарын іздестіру. Сондай-ақ өмір сүруге қабілетті кез келген адамзат қауымдастығы оның барлық күштерін біріктіретін қандай да бір біртұтас ерік, біртұтас мүддемен анықталады. Жоғарыда атап өтілгендей, кез келген өркениет немесе мемлекет осы өркениет немесе мемлекет негізделетін біліктің идеалы бар болғанша өмір сүреді. Басқаша айтқанда, консенсус пен қақтығыс саяси жүйенің екі қарама-қайшы, сондай-ақ өзара бір-бірімен байланысты және өзара бірін-бірі толықтырушы элементін құрайды. Осы немесе басқа элементті иеленуге байланысты әрбір жекелеген мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси жағдайы анықталады. Бұл күш принциптерімен, қақтығыс және соғыстармен тығыз байланысты мемлекеттер мен халықтар, үдерістер мен құбылыстар арасындағы қатынастар жүйесі болып табылатын әлемдік қауымдастыққа да қатысты. Әлемдік қауымдастық мүшелерінің бір-біріне деген қызығушылықтарыңыз, біртұтас өмір сүру кеңістігінде өмір сүрудің жалпы мойындалған ережелеріңіз ойға қонымды болуы екіталай.

Түрлі тарихи дәуірдің саяси-философиялық, идеялық салаларында бұл екі бастау жоғарыда қарастырылғандай, саяси-философиялық және идеологиялық ағымдарда көрініс тапты. Олардың типологиясының критерийлерінің бірі адамзат табиғатын, қоғам мен мемлекетті, сонымен қатар өзара қарым-қатынастарын бағалауы болып табылады. Бұл жерде, Р.Жиран атап өткендей, зомбылық пен құрбандық,

Ұйымдастырушы және ұйымдастыруды бұзушы принциптер, тәртіп пен тәртіпсіздік арасында келісім орнайтын кеңістік болып табылатындығы ерекше маңызға ие. Өз ұстанымдарында бұл екі бастауды түрліше үйлестіре отырып, саяси-философиялық ой ағымының әрбіреуі саяси жүйелердің тарихи дамуы туралы өзіндік жеке көзқарасын біріктіреді.

Түрлі критерийлер бойынша өзара айырылыса отырып, олар саяси, оның негізгі факторлары – даму және қызмет ету әлемінде нақты және қолайлы, шынайы және идеалдың ролі мен орнын бағалауда ұқсас немесе бірдей ұстанымды ұстануы мүмкін. Саяси-философиялық ойдың бұл

ұстанымдарына сәйкес саяси реализм мен саяси идеализм болып табылатын екі үлкен бағыты бөліп көрсетуге болады.

Саяси реализмді екінші дүниежүзілік соғыстан кейін батыстық саяси ғылымда қалыптасқан шынайы саясат (Realpolitik) мектебімен және негізгі объектісі халықаралық қатынастар жүйесі болып табылатын зерттеумен байланыстыруға немесе теңестіруге болмайды. Бұл жерде аталмыш түсінік саяси әлемде ешқандай асыра сілтеушілік пен субъективті шабуылсыз шынайы дәлелдер мен оқиғаларды талдау мен бағалау әділеттілігіне ұмтылатын барлық теориялар мен бағыттарға қатысты кең мағынада қолданылады. Бұл контекстте саяси реализмнің соғыстан кейінгі мектебі нақты тарихи кезеңде тамырын тереңге жайған кең дәстүрдің тек жеке көрінісі ретінде ғана болмақ.

Нақтыны зерттеудің, яғни әлем шындығында қандай болса, дәл сондай екендігі саяси реализмнің негізгі объектісі болып табылады. Бұл мемлекеттік қайраткер өзін сәтсіздік пен жеңіліске душар еткісі келмесе, саяси шынайылықты басшылыққа ала отырып, басқару керек немесе «кімде кім өзінде бар нәрсені басқаның игілігі үшін шетке ысырса, құтқарылудан гөрі, опатқа тап болады» деген ойға барынша көңіл аударған Н.Макиавелли ұстанымымен сәйкес келеді.

Реализм бірнеше негізгі жорамалдарға сүйенеді: біріншіден, өз азаматтарын ішкі қауіптермен қатар сыртқы қауіптерден де қорғау биліктің негізгі субъектісі және негізі болып табылатын мемлекет; екіншіден, мемлекет территориялық тұрғыда ұйымдасқан біртұтас әлемдік саясаттың негізі ретінде; үшіншіден, бақталастық пен қақтығыс саясат табиғатына тән, сондықтан да олар қоғам өмірінен жоғалмайды; төртіншіден, күш пен зомбылық ішкі саяси қақтығыстармен қатар, мемлекеттер арасындағы қақтығысты шешудің таптырмас құралы болып табылады. Ондай қақтығыстардың айқын мысалы ретінде соғыстарды атауға болады; бесіншіден, мемлекеттер әртүрлі жолдар арқылы өзінің мүддесімен қатар қарсыласының да мүддесін зерттейді.

Реализм саясат негізінде адал тілектер немесе идеологиялық, моральді және басқа да түсініктер емес, ең алдымен, саясаттың негізгі қозғаушы сарыны ретінде қарастырылатын мүдде жатқандығын білдіретін факттен туындайды. Саясаттағы айқындаушы рөлі, әсіресе, достар мен одақтастар түсінігі мен категориясы мүдденің өзгеруімен бірге ауысуы мүмкін және ауысатын шартты сипатқа ие болуында көрініс табады. Халықаралық қатынастар саласында бұл жорамал XIX ғасырдың атақты ағылшындық мемлекеттік қызметкері лорд Пальмерстонның «Бізде мәңгілік одақтас және мәңгілік дос жоқ. Бізде тұрақты мәңгілік мүдде бар және біз соған сәйкес жүруіміз керек» деген формуласында қысқа және нақыл сөз ретінде көрінеді. Халықаралық сахнада өз – өзін құрметтейтін кез келген мемлекет егер идеологиялық, моральдық немесе басқа да түсініктер оның шынайы немесе жорамалдағы ұлттық мүддесіне сәйкес келмесе, оларды жиі шетке ысырып тастайтын. Бұл дәлел дұрыс немесе барлық ішкі саяси шындыққа қатысты екендігін дәлелдеудің қажеті жоқ. Тарих бұрынғы саяси қарсылас жақын

одақтасқа және, керісінше, бүгінгі жақын одастастар мен достар бір-біріне қарама-қарсы лагерлерге бөлінуі сияқты көптеген мысалдар ұсынады. Бұл феномен саясаттың мәні әлемдік сахнада топ, ұйым, мемлекетте болсын, мемлекеттер арасында билік пен үстемдік етумен анықталатын дәлелден туындайды.

Саяси реализм билік пен мемлекеттің пайда болуымен туындаған деуге болады. Адам ата мен Хауа анадан бастап түрлі қарсыласушы мүдделер күресі, мемлекеттің өмір сүруінің мәнін (*reson d'etre*) бекіту, оның ішкі және сыртқы қауіптерден, күш пен күш қолдану қауіпінен немесе зомбылықтан қорғану жекелеген ел шеңберінде де, түрлі мемлекеттер арасындағы қатынастарда халықаралық қауымдастық деңгейі аясында да саясаттың маңызды айқындаушы факторын құрайды.

Алайда қазіргі саяси реализмнің негізгі жорамалдарын алғаш рет Н.Макиавелли мен Т.Гоббс тұжырымдаған. Оларға түрлі дәрежеде ішкі, сонымен қатар сыртқы саясаттың маңызды құралы ретінде күш идеясы, адамзат пен саясатқа қатысты пессимистік көзқарас тән. Мемлекетті ұлықтай отырып, Макиавелли адамзатты әуестік пен құмарлыққа итермелейтін оның күнәлі табиғатына, шикілігі мен өзімшілдігіне көз жеткізді. Сондықтан да ол сондай мемлекет үшін тек тек қоғамның жекелеген мүшерлерімен ғана емес, моральді-этикалық түсініктерімен құрбан етуге дайын. Оның ар-ұятты жинап қоятын, мықты, ақыл әрі түлкі сияқты айлакер «Тақсыры» егер мемлекеттің мүддесін қорғау мақсатында мәжбүрлі түрде әрекеттер жасалса, өз сөзінде тұрмауы, өз уәдесін орындамауы т.б. мүмкін екендігі таң қалдырмайды. Басқаша айтқанда, Макиавелли амалдарды мақсаттарға бағындырып, адамгершілікті саясаттан шеттетеді.

Саяси реализмнің қалыптасуында Т.Гоббс айтарлықтай маңызды рөл ойнады. Ол, Макиавелли сынды, адамзат табиғатының күнәлі және өзімшіл табиғатына сүйенді және келесідей ұстанымдарды ұстанды: адам табиғатынан «саяси жануар» деп есептеген Аристотельдің ойын естен шығармай, Т.Гоббс адам табиғатынан әлеуметке қарсы деген идеяны дәлелдеді. Табиғи жағдайдағы адамдар арасындағы жалғыз тендік – бұл олардың бір-бірін өлтіру қабілеттілігі. Сондықтан да ол «қорқыныш ұялататын күш болмаса, адамдар соғыс жағдайында өмір сүреді», - дейтін. Осы ұстанымды ұстана отырып, Гоббс құқық күшті емес, керісінше, күш құқық тудыратындығына көз жеткізді. Өйткені құқықты әрекетке енгізгенде ғана құқық құқық болып саналады және қауіпсіздік құны жоғарғы тәуелсіз мемлекеттік билік болып табылады.

Өз әрекеттерін күндеушілік пен кеудемсоқтық арқылы басқаратын адамзат табиғаты адамдар арасында барлығына қарсы соғыс жағдайын тудырады. Табиғаттың нағыз заңы өз өкілеттіктерін басқарушыға беру үшін адамдар өзара келісімді қатынас орнатқан жағдайда ғана қамтамасыз етуге болатын өзін-өзі сақтау болып табылады.

Олардың дәуіріне дейін өз билігін қажет болған жағдайда, опасыздық пен зомбылыққа жүгіне отырып, нығайту және қорғау жөнінде сөз қозғалған кезде, сол немесе басқа формада бұл принциптерді басшылыққа алмаған өкім

жүргізушілер аз кездесетіндігін тарихи тәжірибе көрсеткендей, Макиавелли мен Гоббс осы тұрғыда алғашқы ашушылар емес. Сондықтан да «жеңіске жеткендер жөнінде пішіп-кеспейді» деген жорамал мүлде Жаңа кезеңге тән емес: көп жағдайда ол мемлекеттің өзінің және билікпен құрдас.

Бұл дәстүрдің саяси – философиялық негізін қалыптастыруға О.Конт, И.Г.Фихте, Г.В.Ф.Гегель, Ф.Ницше, элистикалық және т.б. концепциялардың түрлі типтерінің негізін қалаушылар айтарлықтай үлес қосқан. Үстемдік етуге талпыныс адамзат табиғатының тумысынан бергі қасиеті екендігі олардың барлығын сол немесе басқа түсініктермен біріктірді. Бұл тезис жекелеген индивидтермен қатар, жоғарыда аталған тұлғалар өз әрекеттерінде жеке өзімшілдік мүдделерін басшылыққа алатындықтарын жорамалдай отырып, мемлекеттің халықаралық алаңдағы әрекетін түсіндіру үшін кеңінен қолданды. Бұл дәстүрге күштер тепе-теңдігі теоретиктері мен кейіннен Machtpolitik мектебінің және дәстүрлі геосаясатты жақтаушыларды, сондай-ақ бәрін болмаса да, ең болмағанда, билік пен ықпал үшін түрлі элита арасындағы бақталастыққа назар аударылатын элиталық концепцияларды жатқызуға болады. Олардың барлығы саяси билік мәселелеріне, ең біріншіден, күшке арқа сүйеу арқылы оған қол жеткізу және ұстап тұрудың құралдары мен әдістеріне баса назар аударуға бейім.

Осы дәстүр аясында жоғарыда атап өтілген шынайы саясат (Realpolitik) деп аталатын бағыт қалыптасты. Бұл бағыттың кейбір ойлары өз тамырын ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы он жылдығындағы К.Челлен, А.Мэхен, Г.Макиндер, К.Хаусхофер және т.б. сынды геосаясатшылардың зерттеулерінен алады. Аталмыш бағытпен байланысты жекелеген ойлар екі әлемдік соғыс арасындағы кезеңде алға жылжыды.

Сол кезеңдегі сыртқы саясатта саяси реализмнің басты принциптерінің бірі жөнінде Дж.М.Кейнс өзінің «Версаль бейбіт шартының экономикалық салдары» атты кітабында сол кездегі Францияның премьер-министрі Клемансоның Париж бейбіт конференциясындағы әрекеті мысалында баяндады. Ол былай деп жазды: «Перикл Афинаға қандай сезімде болса, Клемансо Францияға дәл сондай сезімде. Құнды нәрсенің барлығы сонда орын тепсе, қалғаны түкке тұрмайды, алайда оның саясатының теориясы дәл Бисмарк саясатының теориясындай. Ол тек Францияны ғана көрді; ол француздарды қоса алғандағы адамзат, өзінің әріптестері жөнінде мүлдем ойламады...оның философиясында халықаралық қатынастарда ешқандай «сентиментальдыққа» жол берілмеді. Ұлттар – шынайы тірі ағза, олардың ішінен бірін жақсы көресіздер, ал қалғандарына бейтараптық немесе өшпенділік сезінесіздер. Атақ, даңқ сіз жақсы көретін, сіздің күткен мақсатыңыз болып табылатын сол ұлтта, бірақ көп жағдайда оған көршіңіздің есебінен қол жеткізуге болады. Күшке негізделген саясат шарасыз және осы соғыс пен сол соғыстың нәтижесі оны ешқандай жаңашылдыққа үйретпейді».

Бұл мәтінде біз «идеализм» ұғымын негізгі материализмге қарама-қарсы қойылған екі философиялық бағыттарының бірі ретінде қарастырамыз. Бұл ұғым әлемнің бағаланып отырған жағдайына емес, оның идеалды яғни

кандай болуы тиіс екендігін сипаттайды. Мұндай түсінікте оның негізінде «идеал» деген мағына жатыр және сәйкесінше одан туындайтын қосымша ретінде идеалистикалық емес идеалды деген сөз алынады. Бұл мағынада төменде көрсетілетіндей мемлекеттік және әлемдік құрылымның жобалары және идеалды сипаттамалары философиялық идеализмнің ғана емес сонымен қатар материализмнің де өкілдерімен алға қойылған және қойылады да.

Саяси идеализмнің гносеологиялық негізі ретінде келесі факт орын алады: Көне заманнан бері нан табуға ауыр еңбек етуге тиісті немесе мүдделі адамға ауыр күндеріне қарама-қарсы сипаттағы күшті, бақытты өмір туралы армандарға берілу тән. Бұл армандар физикалық және ақыл-ой еңбегінің біртіндеп бөлінуімен жүйелене бастады және аңыздардың белгілі формасына ие бола бастады, егер қазіргі тілмен айтатын болсақ, қоғамдық құрылымға қарағанда барынша жетілген әрі әділ идеологиялық діни конструкциялар ретінде қалыптасты. Барынша жоғарыға, қолжетімсіз нәрсеге ұмтылыс адамның және қоғамның өзіндік табиғатына тән екенін атап өтпеуге болмайды. Француз зерттеушісі Э.М. Сьоран жазған: «Утопияға және онымен нәр алуға икемсіз қоғамға склероз және құлау қаупі төніп тұрады. Ешқандай шектеулері жоқ ақыл-ой бізге мәңгілікке дайын бақытты ұсынады; адам бұл бақыттан бас тартады және бұл оны тарихи затқа айналдырады».

Қазіргі қоғамдық саяси құрылымның идеалы өткен уақытқа және болашаққа бағыттала алады. Біріншісіне мысал ретінде, Конфуций және Платон жобалары бола алады, олар жетілген мемлекеттік құрылымның негізі ретінде көнелікті сыйлау, қазіргі ұрпақпен бұзылған ата бабалардың белгілеген ескі салт-рәсімдерінің ережелерін, моральдық нормаларды сақтауды түсіндіреді. Ал екіншісі, ұлттық немесе әлеуметтік басымдылық көрсету, жалпы теңсіздік, бостандық, әлеуметтік әділеттілік сияқты бастапқы уақыттағы мемлекеттің және қоғамның радикалды қайта құрылымының революциялық жобаларымен, көптеген хилиалистикалық немесе милленаристикалық утопиялармен беріледі. Конфуцияндық және буддистік Шығыстың ұзақ летаргиясы нақты әлемнен ауытқыған буддистік идеалдың немесе қатаң қадағаланатын қытай бюрократиялық қоғамының формасындағы болжамды идеалдық қоғамдық тәртіптің консервациясымен түсіндіріледі. Мұндай анықтаманы Еуропаға да бере аламыз, бұл жерде орта ғасырдағы мемлекеттердегі католикалық перипатетиктердің билігі консервацияға алып келген.

Әрбір қоғам реалды немесе қалаулы қоғамдық тәртіптің меншікті саяси аңызын немесе саясатын жасайды және ұсынады. Мұндай сипаттағы конструкцияларға мысалы «*Mare nostrum*» идеясын келтіре аламыз, оның негізінде Рим империясы жатыр және әр түрлі панидеяға сәйкес Қасиетті Рим императоры және Рим папасының бейнесіндегі бір жүйелі христиан әлемін құру негізге алынған. Саяси идеализмнің шеткі формалары ретінде көптеген утопияларды мысалға келтіре аламыз: Платонның «Мемлекетінен» бастап Т.Мораның «Утопияларына» дейін, Т.Кампонелла «Күн қалалары», А. Бекон «Жаңа Атлантида», А. Франс «Ақ атта» т.б.

Саяси идеализмнің басты бастамаларының бірі ретінде философтарды жетектеген идеалды мемлекет теориясымен танылған Платонды алуға болады. Сондай сияқты қазіргі саяси реализмнің негізін салушылар ретінде Н.Макиавелли және Т.Гоббсты, ал қазіргі саяси идеализмнің өкілдері ретінде Г.Гроция, И.Канта және т.б. қарастыруға болады.

Егер саяси реализм адамның кінәлі сипаты туралы пастулаттан туындаса, онда саяси идеализм оның жағымды табиғатына негізделеді. Барлық идеалды жобалар мен үлгілер адамды жетілдіру идеясына және оптимизмге бағытталған. Саяси идеализмді ұстанатындардың ойы бойынша көптеген ауыр жағдайларда адам кінәлі емес, себеп ретінде әлеуметтік жағдайлар алынады, ал оның ең тиімді шешу жолы – қоғамның кемшілігін түзеу және жетілдіру. Халықаралық қатынастар сферасында олар мемлекеттің іс-әрекетін анықтайтын фактор ретінде ұлттық немесе өзге де көзқарастарға аса маңызды мән бермейді және билік үшін таластың орын алғанын жасырады.

Олар әлеуметтік дарвинизм кейіпінде барлық сентенциялардан бас тарта отырып адамның бейімділікке икемді екеніне және сәйкесінше халықтың да мәдениеттілікке бейім екеніне сенеді.

Саяси идеализм негізінен индивидуализм, гуманизм, либерализм, анархизм, интернационализм формаларын қабылдайды. Саяси идеализмде маңызды орынды өзінің идеалдарымен, бір жағынан әділетті және жетілген қоғамның барлық аспектілері тарапынан, сонымен қоса, барлық мемлекеттердің арасындағы халықаралық бейбітшілікпен үйлесімділік сияқты факторларымен социалистік немесе коммунистік жоба орын алады. Бұл жобалардың және конструкциялардың мәні мен мазмұны жақсы танымал, сондықтан мен оларды мақсатты түрде толық қарастыру қажет емес деп есептеймін.

Әлемдік құрылымның әр түрлі идеалды жобаларының тек бірнеше саяси философиялық аспектілеріне ғана тоқталамын.

Саяси идеализмнің тағы бір туындыларының бірі пацефизм болып табылады. Бұл терминнің өзі саяси лексиконға XIX ғғ. екінші жартысында енген. 1927 жылы неміс философы М.Шелер пацефизмнің 8 түрін бөліп көрсетті: индивидуалды, заңды, христиандық, батыр пацефизм, коммунистердің және марксистік социалистердің жартылай пацефизмі, мемлекеттің империалды пацефизмі, класстық космосяси және мәдени интернационал. Бұл түрлерінің бәрі ұлттық және мемлекеттік ұйымдардан жоғары бүкіл әлемдік бірлестіктерден туындап, әлемнің бірігу мүмкіндігіне сенімді ұлғайтады, бұл ұйымдар халықаралық құқыққа негізделеді, қақтығыстардың себептері мен көздерін жоюға шақырады, күштейтін саясаттарды алып тастауға ұмтылады және халықтардың арасында бейбіт қарым-қатынастарды орнатуды көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014

3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
15. Гуторов В.А. Философия политики за рубежом тысячелетий : судьба классической традиций. Полис. 2001
16. Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
17. Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
18. Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с
19. Макаренко В.П. Аналитическая политическая философия